

Қ. М. Назымжанова, педагогика және психология кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;

*Л. М. Ильясова, педагогика және психология кафедрасының магистранты
(«Туран – Астана» университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.)*

Болашақ педагогтердің креативтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделін іс-әрекетте қолдану тиімділігі

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындардағы білім беру ортасында болашақ педагогтердің креативті теориялық моделі қарастырылады, креативтік мәдениет мәселесіне және көзқарастар мен оны қалыптастыру жолдары берілген. Болашақ педагогтердің креативтік мәдениетін зерттеу нәтижелері және оны қалыптастыру үшін қолданатын педагогикалық технологиялар ұсынылады.

Түйін сөздер: креативтік, креативті мәдениет, зияттық қабілеттілік, тұлғаның шығармашылық әлеуеті, дивергентті ойлау.

Жоғары мектеп оқытушысының «креативтік мәдениет» ұғымы төмендегі мәдениеттерді қамтиды: материалдық және рухани; тұлғалық және әрекеттік; қарым-қатынас және тәртіп; ізгілік және әдіснамалық. Басқаша айтқанда, креативтік мәдениет феноменін педагог-профессионал тұлғаның шығармашылыққа қабілеттілігінің біріккен сапасы ретінде, тиімді педагогикалық іс-әрекеттің шарты және алғышарты ретінде, оқытушының кәсіби күзiреттілігінің жалпылама көрсеткіші ретінде және кәсіби өзін-өзі жетілдірудің мақсаты ретінде қарастыруға болады.

Мәдениет «әрекет қабілеті» сапасында В. Е. Давидович, Ю. А. Жданов, М. С. Каган, Э. С. Маркарян, О. В. Ханова еңбектерінде қарастырылған.

Орта мектептің және жоғары мектептің маңызды мәселесі ретінде көптеген ғалымдар болашақ мұғалімдердің мәдениеттанымдық дайындығы деп санайды. Себебі, арнайы зерттеулер көрсеткіші — мамандардың жақсы дәрежедегі іс-әрекетін біріншіден, оның мәдениеттілігіне байланысты деп санайды. Екіншіден, оқу үрдісі ғалымдар пікірі бойынша тек арнайы кәсіптік білім алу емес, оны қазіргі мәдениетке сай өмір сүруіне, тәрбиеленуіне байланысты деген. Үшіншіден, қазіргі маман — ол ойлау жүйесі жетілген, қоғам мәселесіне байланысты өз пікірі бар, қарым-қатынас жасай алатын, мәдениетті тұлға. Төртіншіден, көптеген ғалымдар адамның рухани сезімін қалыптастыру үшін қазіргі әлем мен отандық мәдениетке бейімделу керек деп санаған. Бесіншіден, болашақ мұғалімдерді дайындау мақсатында алдымен мәдениеттанымдық дайындығын көтеру үшін «жалпы мәдениет деген не?» деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Қазіргі ғылымда нақтылы мәдениеттің анықтамасы қалыптасқан жоқ. Себебі, мәдениет жан-жақты қарастыруды керек ететін ілім. Ал философияда бірнеше пікір қалыптасқан. Әдістемелік негіздеу тұрғысынан креативтік мәдениет моделін аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық элементтері құрайды.

1. Креативтік мәдениеттің аксиологиялық компоненті адамзат құрған жоғары мектептің қалыптасуының қазіргі заманғы даму кезеңінде біртұтас педагогикалық үрдіске ерекше енген педагогикалық құндылықтар жиынтығынан құралған. Педагогикалық іс-әрекет үрдісінде оқытушылар идеялар мен тұжырымдамаларды меңгереді, педагогикалық іс-әрекеттің ізгілік технологиясының құрамдасы білім мен іскерлікті игереді және олардың нақты өмірде

қолданыс табу деңгейіне байланысты қаншалықты дәрежеде маңызды екенін бағалайды. Осы сәтте қоғам және жеке педагогикалық жүйе үшін аса маңызды идеялар, тұжырымдамалар педагогикалық құндылықтар болып табылады.

2. Креативтік мәдениетінің технологиялық компонентіне оқытушының педагогикалық іс-әрекетінің тәсілдері мен әдістерін жатқызуға болады. Педагогикалық мәдениеттің құндылықтары мен жетістіктері тұлғаның іс-әрекет үрдісінде меңгеріледі және құрылады, бұл мәдениет пен іс-әрекеттің үзілмес байланысын дәлелдейтін факт.

3. Креативтік мәдениеттің тұлғалық-шығармашылық компоненті шығармашылық акт ретінде оны игеру және іске асырудың механизмін ашады. Оқытушының дағдыланған педагогикалық құндылықтарды иемденуі тұлғалық-шығармашылық деңгейде өтеді. Педагогикалық мәдениет құндылықтарын игере отырып, тұлға оларды қайта өзгерту, өзінше беруге қабілетті, бұл оқытушының тұлғалық ерекшеліктері және оның ғылыми-педагогикалық іс-әрекет сипаттарымен анықталады.

Сөйтіп, креативтік мәдениет — бұл педагогикалық іс-әрекетпен қарым-қатынастың алуан түрінде педагогикалық құндылықтар мен технологияларды игеруге, беруге және құруға бағытталған жоғары оқу орындарының оқытушы тұлғасының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру шарасы мен тәсілі.

Жоғары мектептің оқытушысының креативтік мәдениетін қалыптастыру педагогикалық қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық инновация және суырып салмалық студенттердің оқу, ғылыми іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін, өзіндік кәсіби іс-әрекетін басқару технологиясын игеруді меңзейді. Ғылыми-педагогикалық білім педагогикалық теория түрінде ұсынылған белгілі бір тәртіпке келтірілген және ұйымдасқан білім жүйесі екені белгілі. Оқытушының іргелі психология-педагогикалық біліммен қаруланған бір емес, бірнеше жасалған және әрекеттегі теорияларды меңгеруі біртұтас педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда шығармашылық, баламалылық үшін нақты жағдай жасайды.

Жоғары мектеп оқытушысы өзінің кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігіне байланысты ғылыми және педагогикалық шығармашылықты үйлестіреді. Әрине, ғылым іс-әрекет сипаты, ғылыми міндеттерді шешу алгоритмін педагогикалық заңдылығын зерттейді. Бірақ, педагогикада шығармашылық үрдіс сұлбасы жалпы түрде эвристикалық ашылған шығармашылық құрылымына сәйкес келетіні белгілі. Бұл жағдай мазмұндық жоспарда сәйкестік фактісі орын алса, әрекеттік қарым-қатынаста педагогикалық шығармашылық ерекшеліктер қатары табылғандығымен маңызды.

Біріншіден, педагогикалық шығармашылықтың уақыты шектеулі. Шығармашылық үрдісінің кезеңдері — педагогикалық ойдың пайда болуы, жасау, ойды жүзеге асыру және басқалар өзара «шектеулі» уақытқа тәуелді, бір кезеңнен екіншісіне шұғыл көшуді талап етеді.

Екіншіден, педагогтің шығармашылық ізденіс нәтижесінің шегерілуі. Басқа салаларда іс-әрекет нәтижесі әдетте бірден көрінеді немесе қойылған мақсатпен анықталады. Оқытушының іс-әрекетінің нәтижесі болашақ мамандардың білімі, іскерлігі, іс-әрекеті және тәртібінде іске асады және ішінара немесе шамамен бағаланады.

Үшіншіден, оқытушының педагогикалық үрдісте студенттермен, әріптестерімен бірлескен шығармашылығы кәсіби іс-әрекеттің біртұтас мақсатына негізделген. Педагогикалық үрдісте шығармашылық (бинарлық) ізденіс атмосферасы зор ынталандырғыш фактор болады. Жоғары оқу орындарының оқытушысы — ғалым және белгілі бір білім аумағында маман ретінде педагог, оқу-тәрбие жұмысы, өндірістік практика, курстық немесе диплом жұмысын жобалау барысында кәсіби іс-әрекетінде білім алушыларға өзінің шығармашылық қарым-қатынасын көрсетеді.

Жоғары мектеп оқытушысының креативтік мәдениетін қалыптастыру үрдісі жоғары оқу орындарында, факультет пен кафедраларда кәсіби іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін үнемі іздеуді ынталандыратын инновациялық орта құруға бағытталған сайын тиімді болмақ.

РЕЗЮМЕ

Прогресс современного общества требует от педагогов высококачественной подготовки и последовательности. Будущий педагог должен владеть не только совокупными знаниями, но и уметь профессионально развивать их, чтобы находить решения педагогических проблем в дальнейшем (или приспособиться к ним). В статье рассматривается модель креативного мышления будущих педагогов в высших учебных заведениях, показаны пути формирования мировоззрения и проблемы креативной культуры будущих педагогов и педагогические технологии для их формирования.

RESUME

The society progress today requires a high-quality teacher training and consistency. Future teacher must possess not only combined knowledge but to be able to develop it professionally to find the solutions of pedagogical problems later. The article deals with the model of creative thinking of the future teachers in universities, the ways of formation of the creative world-outlook and the problems of creative culture of the future teachers and pedagogical technologies for their formation.